

Қачир ауданының елді мекендерінде өртке қарсы қорғауды күшейту жөніндегі шаралар туралы.

Күшін жойған

Қачир аудандық әкімдігінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 244/9 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 23 қазандағы N 2084 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Қашыр аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 452/12 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Қашыр аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 452/12 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ, 1996 жылғы 22 қарашадағы "Өрт қауіпсіздігі туралы" N 48-І заңдарына сәйкес, ауданның шаруашылық объектілерінде өртке қарсы ескерту жұмыстарын күшейту мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Өрт жасақшылары туралы" Ереже бекітілсін.
2. Ауылдық округ әкімдері меншіктің барлық нысандарының кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларымен (келісім бойынша) бірге өрт жасағын құрсын және кәсіпорындар арасындағы шарт негізінде оларды ұстасын.
- 3 Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б.М.Сералиновқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А у д а н	жылғы	18	ә к і м д і г і н і ң
2003			қ ы р к ү й е к т е г і
" К а ч и р	а у д а н ы н ы ң		е л д і
м е к е н д е р і н д е		ө р т к е	
қ а р с ы	қ о р ғ а у д ы	к ү ш е й т у	
ж ө н і н д е г і	ш а р а л а р	т у р а л ы "	
N	244/9	қ а у л ы с ы м е н	б е к і т і л г е н

Өрт жасақтары туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Ауылшаруашылық өндірісі объектілері, әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық мақсаттағы, тұрғын үй объектілерінде өрт сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүргізу үшін, өрттің алдын алу және бұқаралық насихаттау жұмысын ұйымдастыруда елді мекендерде құрамы 5 кісіден кем емес өрт ж а с а қ т а р ы қ ұ р ы л а д ы .

2. Өрт жасақтары қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы " Өрт қауіпсіздігі туралы" N 48-1 Заңы негізінде ұйымдастырылады.

3. Өрт жасағын ұйымдастыру ауыл әкімдеріне және кәсіпорын басшыларына жүктеледі. Өрт жасақтарына негізгі немесе бейімделген өрт сөндіруші көшпелі ө р т т е х н и к а с ы б е к і т і л е д і .

4. Өрт жасақтары жедел басқару жағынан ауданның өртке қарсы қызметінің б а с т ы ғ ы н а т і к е л е й б а ғ ы н а д ы .

5. Өрт жасағының бастығы қоғамдық өрт инспекторы немесе негізгі бейімделген техникаға бекітілген жүргізушіні тағайындайды.

2. Өрт жасақтарының мақсаты мен міндеттері

6. Ауданның шаруашылық жүргізуші объектілерінде өртке қарсы ескерту және күрес жөніндегі жұмыстарды күшейту мақсатында өрт жасақтары құрылады, сондай-ақ өртке қарсы ескерту және күреске жұртшылықты кең түрде к ө б і р е к қ а т ы с т ы р у .

7. Өрт жасақтарына жүктеледі:

1) елді мекендерде және шаруашылық объектілерінде өрт сөндіруді ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

2) ауданнан тыс ірі және ландшафттық өрттерді сөндіруде қажет болғанда ауданның өртке қарсы гарнизон құрамын қатысады;

3) өрттің алдын алу және бұқаралық насихаттау жұмысын жүргізеді;

4) өндірісте және үйде тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережелерін ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

5) өртке қарсы техниканың дайын болуын (автокөлік, мотопомпа), алғашқы өрт сөндіру құрал-жабдықтарының жөнделгендігін, жұмысқа дайындық жағдайын бақылайды;

3. Өрт жасақтарының өкілеттілігі

8. Өрт жасақтарының өкілеттілігіне жататындар:

1) өрт қауіпсіздігін орындау және қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру;

2) өрттерді ескерту және жою жөніндегі шараларды ұйымдастыру;

- 3) өрт қауіпсіздігі орындарындағы шаралар туралы тұрғындарға хабар беру
ж ә н е ұ й ы м д а с т ы р у ;
- 4) қоғамдық өрт құрылымдарының іс-әрекетіне қолғабыс тигізу.

4. Өрт жасақтарының жұмысын ұйымдастыру тәртібі

9. Өрт жасағының сандық құрамын ауыл әкімі анықтайды, бірақ 5 кісіден кем
б о л м а у к е р е к .

10. Өрт жасағының жеке құрамы жасы 20 жастан жас болмайтын ер
а з а м а т т а р д а н і р і к т е л е д і .

11. Өрт жасағына жұмысқа алу азаматтың өз өтініші негізінде жүргізіледі,
жергілікті жерде дәрігерлік комиссиядан, Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің
бөлімінде 44 сағаттық алғашқы даярлықтан сынақ беру арқылы өткен соң және
жеке еңбек келісімімен ресімделеді.

12. Өрт автокөлігінің жүргізуші жұмысына I, II, III класты жүргізушілер өз
өтініші негізінде алынады. Лауазымға тағайындау ауылдық округ әкімінің
өкімімен дәрігерлік комиссиядан, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімінде
алғашқы даярлықтан сынақ тапсырғаннан соң жүргізіледі. Келешекте жүргізуші
Павлодар облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармасы пунктінде өрт
автокөлігін жүргізуге құқық беретін куәлікті алу үшін даярлықтан өтеді.

13. Өрт жасағының мүшесінен алып тастау мына жағдайда жүргізіледі:

- 1) өртке қарсы кестені бұзғанда;
- 2) жасақ бастығының, аудандық өртке қарсы қызметі бастығының, өрт
сөндіру жетекшілерінің нұсқауларын орындамағанда;
- 3) өз еркімен ауыл әкімнің атына өтініш берген жағдайда;
- 4) тұрақты мекен жайын ауыстырғанда.

14. Өрт жасағының мүшелерімен мемлекеттік өртке қарсы қызмет
қызметкерлері, ауданның Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бастығы құрған
кестеге сәйкес және аудан әкімімен бекітілген жеке уақытында (айына 4 сағаттан
кем емес) оқу сабағы жүргізіледі.

15. Өрт жасақтарын өрт сөндіруге қатыстыру аудандық өрт сөндіру жоспары
мен ауданның өртке қарсы қызметі гарнизонының шығу кестесімен жүзеге
асырылады.

5. Өрт жасағы бастығының міндеттері

16. Өрт жасағы бастығының міндеті:

- 1) қызмет көрсетілетін аумақта өртке қарсы ереженің сақталуына бақылауда
қ а м т а м а с ы з е т е д і ;
- 2) үйде және өндірісте өртке қарсы қауіпсіздік шаралары туралы

қызметкерлер мен тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізеді;

3) бекітілген кестеге сәйкес өрт жасақтарының жеке құрамына сабақ ұйымдастырады;

4) өрт автокөлігі мен өрт-техникалық құралдарының өрт сөндіруге даярлығына үнемі бақылауды қамтамасыз етеді;

5) дабыл бойынша жиналғанда кезінде өрт жасақтарының жеке құрамын құлақтандыру мәселесін жасайды;

6) Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бөлімі келгенде дейін объектілер мен тұрғын үйлерде өрт сөндіруге басшылық жасайды;

7) күнде 9 сағат 00 минутта өрт сөндіру автокөліктерінің техникалық жағдайы, жанар-жағар майдың мөлшері, өрт жасағының құрамын тексеріп, ауданның өрт сөндіру гарнизонының 01 байланыс пунктіне хабарлайды. өткен күнде болған өрт туралы, өрт болған объектінің аталуы, мекен жайы, өрт көлемі, сөндіру уақыты, шыққаннан қайтқанда дейінге уақыт, жеке меншік нысаны, аты, тегі, әкесінің аты, өрттің туу себептері мен кінәлі адамдарды хабарлайды;

8) өрт жасақтары мүшелерінің тұрақты тұрғын орнынан уақытша шығу кезегін реттейді;

9) ай сайын өрт жасақтарының жеке құрамының жұмысына табель жасайды, ауданның өртке қарсы қызметінің бастығымен келісілген соң жеке еңбек келісіміне сәйкес еңбек ақы алуға береді;

10) ғимараттарды жөндеуге қажетті құрылыс материалдарымен, қосалқы бөлшектермен, жанар-жағар маймен, ғимаратты көмірмен қамтамасыз ету жөнінде өтінішті жазбаша түрде уақытында береді. Электрмен қамтамасыз ету және коммуналды қызмет өкілдерімен бірге пайдаланған энергия мен су үшін төленетін төлеу есебі приборларының көрсеткіштерімен сәйкес есеп береді;

11) жанар-жағар май материалдарын пайдаланғандығы туралы уақытында есепті береді.

6. Жүргізушінің міндеті

17. Өрт сөндіру көлігі жүргізушісінің міндетті:

1) тактика-техникалық мәліметтерін, қызметін, құрылысын, жұмыс істеу принципін, қызмет көрсету тәртібі мен жұмысын және өрт-техникасы құрал-жабдықтарын, сондай-ақ шығу аймағы, су көздерін, жолдарды, өтетін жерлерді білу;

2) жол жүру ережесін сақтау;

3) техникалық қауіпсіздік ережесін және кезекшілік кезінде өндірістік санитарияны сақтау өрт автомобилін жөндеу және пайдалану;

4) кезекшілікте болғанда өрт сөндіру автомобилінің және құралдарының

барлық тетіктері мен агрегаттарының техникалық жағдайын тексеру;

5) ғимараттың тазалығы мен тәртібін сақтау, байланыс құралдарының дұрыстығы мен өрт қауіпсіздігі ережесін қадағалау;

6) өрт туралы хабар алғанда өрт жасағының жеке құрамын жинауды қамтамасыз етіп және өрт сөндіруге шығады;

7) күнде кезекшілікті 8 сағат 00 минуттан 17 сағат 00 минутқа дейін табжылмай атқарады. 17 сағат 00 минуттан кейін ауданның өртке қарсы қызмет бөлімінің (01) байланыс пунктіне келесі күні 8 сағат 00 минутқа дейін тұрған мекен жайын, телефон нөмерін хабарлайды. Автокөлік қоятын ғимаратты бекітіп жауып демалуға кетеді. қыс күндері 17 сағат 00 минуттан автокөлік тұратын ғимараттың уақытында жылытып, жылу жүйесі мен өрт сөндіру автокөлігінің қатып қалуын болдырмайды.

7. Өрт жасақтары мүшелерінің міндеттері

18. Өрт жасақтарының мүшелері міндетті:

1) үйде, өндірісте және басқалардан өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуын, білу және талап ету;

2) өз міндеттерін жауынгерлік есеп табелі бойынша білу;

3) хабар тиген кезде, тез уақытта өрт болған жерге жету;

4) жабдықталған жауынгерлік киімдер мен құрал-жабдықтардың тазалығы мен дұрыстығын қадағалау;

5) өрт сөндіру басшысының нұсқауын сөзсіз орындау;

6) өрт-техникасы құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын және өзінің кәсіби білімін жүйелі түрде көтеру.

8. Өрт жасақтарын ұстау

19. Өрт жасақтарын ұстау жөніндегі барлық шығын кәсіпорын және ұйым жетекшілерімен шарт негізінде жүргізіледі.

20. Жоғарыда айтылған шығыннан басқа өрт жасақтары жауынгерлік киіммен жабдықталады.

21. Өрт жасақтары қызметкерлер мүшелерін өрт кезіндегі бақытсыздық жағдайдан сақтандыру қарастырылсын.